

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАТЫ РАЙОНА  
2009 ж. 31. 07 заңды  
туғыз мемлекеттік тіркеуден қайта өткізді  
№ 119-1910-02-А0 куәлік  
Алғашқы тіркелген күні: 2009. 10. 03  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАТЫ РАЙОНА  
произведена государственная перерегистрация  
юридического лица "31. 07. 2009 г.  
свидетельство № 119-1910-02-А0  
Дата первичной регистрации 10. 03 2006 г.  
БСН/БИН 050340010343

«30» Қаңтар 2012 жылғы  
Жалпы акционерлер жиналысының шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
АЛМАТЫ АУДАНДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОДЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН  
№ 119 БҰЙРЫҒЫ  
2012 ж. 15. 03  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАТЫ РАЙОНА  
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ  
ПРИКАЗ № 119  
15. 03 2012 г.

# "Досжан темір жолы (ДТЖ)" акционерлік қоғамының жарғысы

Алматы қаласы, 2012 жыл

### **1-бап. Жалпы ережелер**

1. «Досжан темір жолы (ДТЖ)» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) нақты жарғысы оның атауын, орналасуын, оның органдарының қалыптасу тәртібі мен құзыретін, қайта құру және оның қызметін тоқтату шарттары мен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа жағдайларды анықтайды.
2. Қоғамның толық атауы:  
мемлекеттік тілде: "Досжан темір жолы (ДТЖ)" акционерлік қоғамы;  
орыс тілінде: акционерное общество "Досжан темир жолы (ДТЖ)".
3. Қоғамның қысқаша атауы:  
мемлекеттік тілде: "Досжан темір жолы (ДТЖ)" АҚ;  
орыс тілінде: АО "Досжан темир жолы (ДТЖ)".
4. Қоғамның атқарушы органының (Басқарма) орналасуы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Желтоқсан к., 118.

### **2-бап. Қоғамның заңды мәртебесі**

1. Қоғам Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылдың 4 желтоқсанындағы № 735 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарымен қарастырылған «Шар станциясы -Өскемен» темір жолын салу мен пайдалану бойынша жобаны іске асыру үшін құрылған.
2. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының басқа заңды және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерін, нақты Жарғыны басшылыққа алады.
3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, басыбайлы меншігі, банктік шоттары бар атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие бола алады және жүзеге асыра алады, жауапкершілік тарта алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.
4. Қоғам міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алына алатын мүлкімен жауапкершілік тартады.
5. Қоғам мүлкі оның акционерлерінің мүлкінен жекеленген. Қоғам акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік тартпайды. Акционер Қоғам міндеттемелері бойынша жауапкершілік тартпайды және Қоғам қызметіне байланысты залалдар тәуекелін Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа, оның меншігіндегі акциялар бойынша тартады.
6. Қоғамның атауы көрсетілген мөрі, тауар белгісі, бейнелемесі, танымбелгісі, мөртабандары мен бланкілері бар.
7. Қоғам филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.
8. Қоғам филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлғалар болып табылмайды және өз қызметін Қоғамның Директорлар Кеңесімен бекітілетін сәйкес ережелер негізінде жүзеге асырады.
9. Филиал, өкілдік қызметін басқару Директорлар Кеңесімен жеке басым ен және/немесе Қоғамның атқарушы органының жетекшісінің ұсынысы бойынша сайланатын тұлғалар жүзеге асырады. Филиал немесе өкілдік жетекшісі Басқару Төрағасы қол қойған сенімхат негізінде әрекет етеді.

### **3-бап. Қоғам мүлкі**

1. Қоғам мүлкі Қоғамның жаңа темір жол желісін салу және пайдалану бойынша қызметін, оның ішінде, осындай қызмет нәтижесінде пайда болатын Қоғам міндеттемелерін қамтамасыз етуге арналған.
2. Қоғаммен құрылатын филиалдар мен өкілдіктердің Қоғам тапсырған мүлікке қатысты Филиал, өкілдік туралы ережемен және филиал, өкілдік жетекшісіне берілген сенімхатпен анықталған құзырет шектерінде иелену, пайдалану және басқару құқығына ие.

### **4-бап. Қоғам мақсаттары және қызмет түрлері**

1. Қоғамның құрылу және қызмет мақсаты «Шар станциясы-Өскемен» темір жол желісін кейін мемлекеттік меншікке тапсырумен, салу және пайдалану болып табылады.  
Концессиялық, инфрақұрылымдық және басқа жобаларға қатысу және жүзеге асыру.
2. Қоғам қызметінің мәні келесілер:
  - «Шар станциясы-Өскемен» жаңа темір жол желісін салу және пайдалану туралы концессиялық келісімнің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
  - темір жол тасымалдауларын жүзеге асыруға қажетті «Шар станциясы -Өскемен» темір жол желісінің және басқа нысандардың салынуын қамтамасыз ету;
  - «Шар станциясы-Өскемен» жаңа темір жол желісінің және темір жол инфрақұрылымының басқа нысандарының пайдалануын ұйымдастыру;

- көлік құрылысы нысандарының құрылысының, өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы нысандардың құрылысын жобалаудың барлық кезеңдерінде жоба-сметалық құжаттаманы әзірлеу және жобалау-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
  - инженерлік-техникалық сұрақтар бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету;
  - топографиялық-геодезиялық және инженерлік-геологиялық іздестірулерді жүргізу;
  - көлік дамуының басты сызбаларын әзірлеу;
  - құрылысты авторлық қадағалау және бақылау;
  - қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған әрекет ету және қызмет көрсету түрлері.
3. Тізімі заңнамамен белгіленетін жеке қызмет түрлерімен Қоғам тек Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен берілген лицензиялар, рұқсаттар, сертификаттар негізінде айналыса алады.

#### **5-бап. Қоғам акциялары және басқа бағалы қағаздары**

1. Қоғам қарапайым акциялар шығарады. Қоғам акцияларды шығаруды құжаттамасыз түрде жүзеге асырады.
2. Қарапайым акция акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс құқығымен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Қоғамның таза табысы бар болған жағдайда дивиденд, сонымен қатар, Қоғам таралуы жағдайында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте оның мүлкінің бөлігін алу құқығын ұсынады.
3. Қоғам акциялардан басқа бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Қоғам облигациялар, оның ішінде, Қоғам акцияларына айырбасталатын облигациялар шығаруға құқылы. Облигацияларды шығару туралы шешім Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен қабылданады. Облигацияларды шығару, орналастыру, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен белгіленеді.
4. Қоғам Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес, директорлар кеңесімен белгіленетін шарттармен Қоғам шығаратын акцияларды сатып алуға опциондар жасауға құқылы.

#### **6-бап. Дивидендтер**

1. Жыл қорытындылары бойынша қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер өлеу туралы шешім акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен қабылданады.
2. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешімді қабылдау күнінен бастап он жұмыс күнінің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті жариялаумен төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

#### **7-бап. Қоғам акцияларын орналастыру**

1. Қоғам акцияларын жарияланған акциялар шектерінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы олардың шығарылуын мемлекеттік тіркеуден кейін орналастыруға құқылы.
2. Қоғам акцияларын жарияланған акциялар шектерінде шығару туралы шешім Қоғам директорларының кеңесімен қабылданады және жазылу немесе аукцион арқылы жүзеге асырылады.
3. Акционердің Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын акциясын немесе басқа бағалы қағазын иелігінен шығару жағдайында, оған қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын акция немесе басқа бағалы қағазды сатып алуға өтініш білдіруге ұсынылған отыз күн ішінде, үстемді сатып алу құқығына сәйкес, нақты құқық бұрынғы меншік иесі осындай сұраным бермесе, қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын акция немесе басқа бағалы қағаздың жаңа меншік иесіне өтеді.

#### **8-бап. Қоғам акциялары ұстаушыларының тізілімдер жүйесі**

1. Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу Қоғамның және оның аффилирленген тұлғаларының аффилирленген тұлғасы болмауы тиіс Қоғам тіркеушісімен жүзеге асырылады.
2. Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу, сонымен қатар, уәкілетті органға ол туралы ақпарат ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен анықталады.
3. Орналастырылатын акцияның толық төленуіне дейін Қоғамның нақты акцияны Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізілімдер жүйесінде (кесімді ұстау есепке алу жүйесі) оны сатып алушының дербес шотына есепке қосу туралы бұйрық беруге құқығы жоқ.

## **9-бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері**

1. Қоғам акционерінің келесі құқықтары бар:
  - 1) Заңмен және нақты жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғам басқаруға қатысу;
  - 2) дивидендтер алу;
  - 3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде атқарушы орган орналасуы немесе құжаттарды сақтау орны бойынша Қоғамның қаржылық есептілігімен танысу;
  - 4) қоғам тіркеушісінен немесе нақты ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын құжаттан көшірмелер алу;
  - 5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғам директорларының кеңесіне сайланатын үміткерлерді ұсыну;
  - 6) Қоғам органдарымен қабылданған шешімдерге қатысты сот тәртібінде таласу;
  - 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұранымдармен жүгіну және Қоғамға сұраным келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күннің ішінде дәлелденген жауап алу;
  - 8) Қоғам таралуы жағдайында мүліктің бөлігіне;
  - 9) Заңмен белгіленген тәртіпте Қоғам акцияларына айырбасталатын акциялар немесе басқа бағалы қағаздарын үстемді сатып алу;
  - 10) акционерлер құқықтарын бұзатын Қоғамның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне шағымдану;
  - 11) жеке немесе басқа акционерлермен жиынтықта қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан артық пайызын иемденген жағдайда Заңның 63 және 74 баптарымен қарастырылған жағдайларда, қоғамға оның лауазымды тұлғаларымен келтірілген залалды қоғамның лауазымды тұлғаларымен өтеулері және қоғамға қоғамның лауазымды тұлғаларымен және (немесе) үлестес тұлғалармен олар мүдделік бар келісімдерді және (немесе) ірі келісімдерді жасау (жасауды ұсыну) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған табысты (түсімді) қайтару туралы талаптармен өз атынан сот органдарына жүгіну;
  - 12) Инвестициялық жобаны бірлесіп іске асыру туралы келісім-шартпен қарастырылған басқа әрекеттерді жүзеге асыру.
2. Ірі акционердің сондай-ақ келесі құқықтары бар:
  - 1) Қоғам органдарынан Қоғам қызметіне қатысты, оның ішінде, саудалық, қызметтік және басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты сұрау және 5 (бес) күн ішінде алу;
  - 2) Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шақырылуын талап ету немесе директорлар кеңесі Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудан бас тартуы жағдайында, оны шақыру туралы сотқа жүгіну;
  - 3) Директорлар кеңесіне қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды енгізуді ұсыну;
  - 4) директорлар кеңесі отырысының шақырылуын талап ету;
  - 5) өз есебінен аудиторлық компаниямен Қоғам аудитін жүргізуді талап ету.
3. Акционер Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заң шығарушы актілерімен, Қоғам жарғысымен қарастырылған міндеттерді орындайды.

## **10-бап. Қоғам органдары**

1. Қоғам органдары:

1) жоғарғы басқару органы –	акционерлердің жалпы жиналысы;
2) басқару органы –	Директорлар кеңесі;
3) атқарушы орган –	алқалық (Басқарма);
4) қаржылық-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асыратын орган –	ішкі аудит қызметі.

## **11-бап. Акционерлердің жалпы жиналысы**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі сұрақтар жатады:
  - 1) Қоғам жарғысына өзгертулер мен қосымшалар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
  - 2) корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар, нақты кодексті қабылдау қоғам жарғысымен қарастырылған жағдайда, оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
  - 3) Қоғамды өз еркімен қайта құру немесе тарату;
  - 4) Қоғамның жарияланған акциялар санын арттыру немесе Қоғамның жарияланған орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
  - 5) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
  - 6) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімдерін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілдіктерін мерзімінен бұрын доғару;

- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін анықтау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару, сонымен қатар, директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру көлемі мен шарттарын анықтау;
  - 8) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудит ұйымын анықтау;
  - 9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
  - 10) есепті қаржылық жылдың Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер өлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір қарапайым акциясына есеппен дивиденд көлемін бекіту;
  - 11) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен қарастырылған жағдайлар орын алған кезде, Қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
  - 12) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруда және қызметінде жиынтығында қоғам меншігіндегі барлық активтердің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын бірнеше бөлігін тапсыру арқылы қатысу, сонымен қатар, осындай заңды тұлғаларда Қоғамның мүдделерін қорғау бойынша өкілеттік құқықтарын беру туралы шешім қабылдау;
  - 13) құны сәйкес қаржылық жылға республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген 500000-еселенген айлық есептік көрсеткіштен жоғары келісімдерді жасау туралы шешім қабылдау;
  - 14) Қоғаммен акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау үрін анықтау және осындай ақпаратты басылымдарда орналастыру туралы шешім қабылдау;
  - 15) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы мен Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы заңына» сәйкес Қоғаммен акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне (әдістеме құрылтайшылар жиналысымен бекітілсе, оны бекіту) өзгерістерді бекіту;
  - 16) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, оның ішінде, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
  - 17) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
  - 18) үшінші тұлғаларға Қоғамның фирмалық атауын және қорғалатын саудалық ақпаратты, сонымен қатар, басқа ерекше құқықтар нысандарын (тауарлық белгі, қызмет көрсету белгісі, патент және т.б.) пайдалану құқығын қамтитын ерекше құқықтар кешенін (лицензиялық кешен) ұсыну туралы шешім қабылдау (Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты (франчайзинг));
  - 19) нақты Жарғымен және Заңмен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа сұрақтар.
2. Нақты бөлімнің 1 тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген сұрақтар бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының мамандандырылған көпшілігімен қабылданады.  
Акциялардың жалпы жиналысының басқа сұрақтар бойынша шешімдері дауыстардың басқа саны Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылмаған болса, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым артықшылығымен қабылданады.
  3. Шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне, Қоғамның басқа органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне жататын сұрақтарды тапсыруға рұқсат берілмейді.
  4. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты сұрақтар бойынша Қоғамның басқа органдарының шешімдерін бұзуға құқылы.

#### **12-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру тәртібі**

1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.  
Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге тиіс. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.  
Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жылдың аяқталуынан кейін 5 (бес) ай ішінде өткізілуі тиіс. Есепті кезеңнің Қоғам аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып саналады.
2. Қоғам акционерлерінің жылдық жиналысы Директорлар кеңесімен шақырылады.
3. Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы келесілердің бастамасы бойынша шақырылады:
  - 1) Директорлар кеңесі;
  - 2) ірі акционер.
 Қазақстан Республикасының заң шығарушы актілерімен акционерлердің жалпы жиналысының кезектен тыс міндетті шақырылу жағдайлары қарастырулары мүмкін.
4. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау және өткізу келесілермен жүзеге асырылады:
  - 1) Қоғам Басқармасымен;
  - 2) Қоғам тіркеушісі, онымен жасалған шартқа сәйкес;
  - 3) Директорлар кеңесімен;

- 4) Қоғамның тарату комиссиясымен.
5. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындарды Заңмен белгіленген жағдайлардан басқа, Қоғам тартады.
6. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы Қоғам органдарымен Заңмен белгіленген акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзу жағдайында кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
7. Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғам органдары ірі акционерді акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамау жағдайында оның талабы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

### **13-бап. Ірі акционердің бастамасы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу ерекшеліктері**

1. Ірі акционердің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның атқарушы органының орналасу орнына осындай жиналыстың күн тәртібі бар сәйкес жазбаша хабарлама жолдау арқылы ұсынылады.
2. Қоғамның директорлар кеңесінің күн тәртібі сұрақтарының тұжырымдамасына өзгерістер енгізуге және ірі акционер талабы бойынша шақырылатын акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқықтары жоқ.  
Ұсынылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру кезінде Директорлар кеңесінің жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қарауынша кез келген сұрақтармен толықтыруға құқықтары бар.
3. Егер акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап ірі акционердің (акционерлердің) бастамасымен болса, оның осындай жиналыстың өткізілуін талап ететін акционерлер (акционер) атын (атауын) және оған тиісті акциялар саны, түрі көрсетілуі тиіс.  
Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талабына акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырылуын талап ететін тұлғаның (тұлғалардың) қолы қойылады.
4. Директорлар кеңесі аталған талапты алу күнінен бастап он жұмыс күннің ішінде және осындай шешім қабылдау күнінен бастап үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде осы талапты ұсынған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы немесе оны шақырудан бас тарту туралы қабылданған шешім жайлы хабарлама жолдауы тиіс.
5. Қоғам директорлары кеңесінің ірі акционер талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі келесі жағдайларда қабылдануы мүмкін:
  - 1) нақты бөліммен белгіленген акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап ұсыну тәртібі сақталмаған;
  - 2) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне ұсынылған сұрақтар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді.Қоғам Директорлары кеңесінің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешім сотта таласылуы мүмкін.
6. Егер нақты Жарғымен белгіленген мерзімде Директорлар кеңесімен ұсынылған талап бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданбаса, оның шақырылуын талап ететін тұлға сотқа Қоғамды акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

### **14-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлер тізімі**

1. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру құқығы бар акционерлер тізімі Қоғам тіркеушісімен Қоғам акцияларын ұстаушы тізілімдер жүйесінің негізінде құрастырылады. Аталған тізімді құру күні акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылдау күнінен ерте белгілене алмайды.  
Акционерлер тізіміне енгізілуі тиіс мәліметтер бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органмен анықталады.
2. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру құқығы бар акционерлер тізімін құрудан кейін осы тізімге енгізілген тұлға оның меншігіндегі Қоғамның дауыс беруші акцияларын иелігінен шартсыз, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге көшеді. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылулары тиіс.

### **15-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны**

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа қатысу құқығы бар тұлғалардың барынша артық саны қатыса алатындай етіп белгіленеді.  
Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам Басқармасының орналасу орны бойынша елді мекенде жүргізіледі.

2. Жиналыс қатысушыларын тіркеуді бастау уақыты мен жиналыс өткізу уақыты акционерлердің жалпы жиналысының хатшысына (Қоғамның есеп комиссиясына) жиналыс қатысушыларын тіркеу, есептеу және оның қворумының бар болуын анықтауға жеткілікті уақытты қамтамасыз етулері тиіс.

#### **16-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат**

1. Акционерлер алдағы акционерлердің жалпы жиналысының өткізілуі туралы 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес хабарландырылулары тиіс, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жадайында – жиналыс өткізу күнінен 45 (қырық бес) күнтізбелік күн бұрын.
2. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама барлық акционерлерге жолдануы тиіс. Жолданған хабарламаға қосымша, хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы мүмкін. Егер компания акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге оған жазбаша ескерту жолдау арқылы хабарлануы тиіс.
3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада келесілер боулары тиіс:
  - 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасу орны;
  - 2) жиналысты шақыру бастаушысы туралы мәліметтер;
  - 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны, жиналыс қатысушыларын тіркеуді бастау уақыты, сонымен қатар, бірінші жиналыс өтпеген жағдайда, Қоғам акционерлерінің қайталанған жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты;
  - 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлер тізімін құру күні;
  - 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
  - 6) Қоғам акционерлерінің акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтары бойынша деректермен танысу тәртібі.
4. Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген сұрақтар бойынша шешім қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсаттарында қоғам тіркеушісіне жүгінуге құқылы.

Миноритарлық акционердің жүгіну және қоғам тіркеушісімен ақпаратты басқа акционерлерге тарату тәртібі бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімінің жүйесін жүргізу бойынша шартпен белгіленеді.

#### **17-бап. Қоғам акционерлерінің қайталанған жалпы жиналысы**

1. Қоғам акционерлерінің қайталанған жалпы жиналысын өткізу бастапқы (өткізілмеген) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізуді бастаудың белгіленген күнінен кейінгі келесі күннен ерте белгілене алмайды.
2. Қоғам акционерлерінің қайталанған жалпы жиналысы өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысы өткізілуге тиіс жерде жүргізілуі тиіс.
3. Қоғам акционерлерінің қайталанған жалпы жиналысының күн тәртібі жүргізілмеген Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше бола алмайды.

#### **18-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесімен қалыптастырылады және талқыланатын сұрақтардың нақты тұжырымдалған толық тізімін қамтуы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционермен немесе Қоғамның Директорлар кеңесімен Қоғам акционерлері толықтырулар туралы жалпы жиналыс өткізу күнінен кем дегенде он бес күн бұрын немесе нақты бөлімнің 3 тармағымен белгіленген тәртіпте хабарланған болған жағдайда толықтырылуы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін толықтыру жағдайында ірі акционер Директорлар кеңесінің төрағасын а және Басқармаға акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне шығаруға жататын сұрақтардың нақты тұжырымдамасын бірінші жиналысты өткізу күнінен 20 (жиырма) күннен бұрын кеш емес мерзімде жолдауы тиіс. Егер Басқарма акционерлерге күн тәртібін толықтыруды белгіленген мерзімде хабарламаса, ірі акционер акционерлерге күн тәртібіне ұсынылған толықтырулар туралы акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күнінен кем дегенде 15 (он бес) күн бұрын өз бетімен хабарлауға құқылы. Ол жағдайда акционерлерді акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне толықтырулар туралы хабарлау бойынша шығындар Қоғаммен өтелуге тиіс.
2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акциялары дауыстарының басым көпшілігімен жүзеге асырылады.
3. Күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар, егер оларды енгізу үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы және Қоғамның барлығы тоқсан бес пайыздан артық дауыс беруші акцияларына ие акционерлерді (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе енгізіле алады.

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды.

4. Акционерлердің жалпы жиналысымен сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау кезінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды.
5. Акционерлердің жалпы жиналысының оның күн тәртібіне енгізілмеген сұрақтарды қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.
6. Күн тәртібінде «әр түрлі», «өзге», «басқалар» және соларға ұқсас тұжырымдамаларды қоса, тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

#### **19-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар**

1. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар нақты сұрақтар бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қаж етті және жеткілікті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.
2. Қоғам органдарын сайлау сұрақтары бойынша материалдар ұсынылатын үміткерлер туралы келесі ақпаратты қамтуы тиіс:
  - 1) тегі, аты, сонымен қатар, қалау бойынша әкесінің аты;
  - 2) білімі туралы мәліметтер;
  - 3) қоғамға аффилирлену туралы мәліметтер;
  - 4) ақырғы 3(үш) жыл ішіндегі жұмыс орындары мен лауазымдары туралы мәліметтер;
  - 5) үміткерлердің мамандығын, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа ақпарат.Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қоғам директорларының кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы сұрақты енгізу жағдайында материалдарда директорлар кеңесіне мүшелікке ұсынылатын үміткер қай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) қоғамның тәуелсіз директоры қызметіне үміткер екендігі немесе үміткер еместігі көрсетілуі тиіс.
3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар келесілерді қамтуы тиіс:
  - 1) Қоғамның жылдық қаржылық есебін;
  - 2) Қоғамның жылдық қаржылық есебіне аудиторлық есепті;
  - 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің өткен қаржылық жылдың таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына есептелген бір жылға дивиденд көлемі туралы ұсыныстарын;
  - 4) акционерлердің жалпы жиналысының бастамашысының қарауына басқа құжаттарды.
4. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін қоғамның атқарушы органының орналасу орны бойынша жиналыс өткізу күнінен кем дегенде он үш бұрын дайын және қарауға мүмкін болулары тиіс, ал акционерлер қоранымы бар болған жағдайда – сұраным алу күнінен бастап үш жұмыс күнінің ішінде жолданулары тиіс; құжаттар көшірмелерін жасау және құжаттарды жеткізу бойынша шығындарды, басқасы жарғымен қарастырылмаса, акционер тартады.

#### **20-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының кворумы**

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы жиналыс қатысушыларын тіркеуді аяқтау мезгіліне қатысты жиынтығында Қоғамның 50 (елу) және одан артық дауыс беретін акцияларына ие, жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқылы жиналыс қатысушылары немесе олардың өкілдері тіркелген болса, күн тәртібінің сұрақтарын қарастыруға және шешім қабылдауға құқылы. Жиналым болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмеген болып танылады. Нақты тармақтың бірінші бөлігімен белгіленген кворум болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы жүргізілмеген деп танылады, ол туралы акционерлердің жалпы жиналысының хатшысымен (есеп комиссиясымен) хаттама жасалады.
2. Жүргізілмеген Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының орнына жүргізілетін қайталанған жиналыс келесі жағдайларда күн тәртібінің сұрақтарын қарастыруға және осындай сұрақтар бойынша шешім қабылдауға құқылы:
  - 1) кворум болмау себебінен жүргізілмеген акционерлердің жалпы жиналысын шақыру рәсімі сақталған;
  - 2) тіркеудің аяқталу мерзіміне қатысты оған қатысу үшін жиынтығында Қоғамның 40 (қырық) және одан артық пайыз акцияларына ие акционерлер, оның ішінде, сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген.
3. Акционерлерге сырттай дауыс беру бюллетень жолдау жағдайында аталған бюллетеньдермен ұсынылған және Қоғаммен жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу мерзіміне қатысты алынған дауыстар кворумды анықтау және дауыс беру қорытындыларын анықтау жағдайында есепке алынады. Сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде кворумның болмауы жағдайында Қоғам акционерлерінің қайталанған жалпы жиналысы өткізілмейді.



### **21-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында өкілдік ету**

1. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын сұрақтар бойынша жеке немесе өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.  
Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес, сенімхатсыз Қоғам акционерінің атынан әрекет етуге және оның мүдделерін қорғауға құқылы тұлға үшін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын сұрақтар бойынша дауыс беруге сенімхат қажет емес.

### **22-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу тәртібі**

1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңға, нақты жарғыға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарына сәйкес немесе тікелей акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.
2. Акционерлердің жалпы жиналысын ашудан бұрын келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционер өкілі өзінің акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құзыретін растайтын сенімхатты ұсынуы тиіс.  
Тіркеуден өтпеген акционер (акционер өкілі), кворумды анықтау кезінде ескерілмейді және оның дауыс беруге құқығы жоқ.  
Егер бетпе-бет жүргізілетін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен басқа белгіленбесе, оған шақырусыз басқа тұлғалар қатысулары мүмкін. Осындай тұлғалардың Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында сөйлеу құқығы акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.
3. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады.  
Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайдан басқа, жарияланған уақыттан ерте ашылуы мүмкін емес.
4. Акционерлердің жалпы жиналысы төрағаны (президиумды) және жалпы жиналыс хатшысын сайлауды жүргізеді.  
Нақты тармақтың бірінші бөлігінде аталған тұлғаларды сайлау туралы сұрақ бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысушылардың дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады.  
Қоғамның Басқару мүшелері жиналыста қатысушы акционерлердің барлығы Қоғам Басқармасына кіретін жағдайлардан басқа, акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.
5. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу барысында оны төрағасы дауыс беруге қарастырылатын сұрақ бойынша пікірталасты доғару, сонымен қатар, оған қатысты дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсыныс шығаруы мүмкін.  
Төраға күн тәртібіндегі сұрақты талқылауға қатысу құқығы бар тұлғалардың пікір айтуына кедергі бола алмайды, осындай шешімдер акционерлердің жалпы жиналысының тәртібін бұзуға әкелетін немесе нақты сұрақ бойынша пікірталастар тоқтатылған жағдайлардан басқа.
6. Акционерлердің жалпы жиналысы жұмысындағы үзіліс және жұмыс мерзімін ұзарту, оның ішінде, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің жеке сұрақтарын қарастыруды келесі күнге кейінге қалтыру туралы шешім қабылдауға құқылы.
7. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы тек күн тәртібінің барлық сұрақтарын қарастырудан және олар бойынша шешім қабылдаудан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.
8. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасында бейнеленген мәліметтердің толық және дұрыс болуына жауапты.

### **23-бап. Сырттай дауыс беру арқылы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен шешімдер қабылдау**

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді жүргізу арқылы қабылданулары мүмкін. Сырттай дауыс беру жалпы жиналысқа қатысушы акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізусіз қолданылуы мүмкін.
2. Сырттай дауыс беруді жүргізу кезінде біріңғай үлгідегі дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жолданады (таратылады).  
Қоғамның акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындыларына әсер ету мақсатымен дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жеке акционерлерге іріктеп жолдауға құқығы жоқ.
3. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізу күнінен кем дегенде 45 (қырық бес) күн бұрын жолдануы тиіс.
4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень келесілерді қамтуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасу орны;
  - 2) жиналысты шақыру бастаушысы туралы мәліметтері;
  - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың ақырғы күні;
  - 4) акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізу күні немесе акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізусіз сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу күні;
  - 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
  - 6) күн тәртібі Директорлар Кеңесінің, Қоғам Басқармасының мүшелерін сайлау туралы сұрақтарды қамтыса, сайлауға ұсынылатын үміткерлер аттары;
  - 7) дауыс беру жүргізілетін сұрақтар тұжырымдамасы;
  - 8) «үшін», «қарсы», «тартыну» сөздерімен білдірілген акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша дауыс беру нұсқалары;
  - 9) күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру.
5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға акционер нақты тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетумен қол қоюы қажет.  
Заңды тұлға - акционердің сырттай қол қоюына арналған бюллетеньге – оның басшысы қол қоюы және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған болуы тиіс.  
Жеке тұлға – акционердің немесе акционер жетекшісінің қолы қойылмаған бюллетень, сонымен қатар, заңды тұлға мөрі қойылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады.  
Дауыстарды санау кезінде дауыс беруші бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған сұрақтар бойынша және мүмкін дауыс беру нұсқаларының біреуімен қалтырылған дауыстар есептеледі.
6. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақтарды қамтыса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің жеке үміткерлер үшін берілген дауыстар санын көрсету үшін өрістері болуы тиіс.
7. Егер бұрын сырттай дауыс беруге бюллетень жолдаған акционер араласқан дауыс беру пайдаланылатын акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беруге және қатысуға келсе, оның бюллетені кворумды анықтау және күн тәртібінің сұрақтары бойынша дауыстарды санау кезінде есептелмейді.

#### **24-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру**

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру төменде келтірілетін жағдайлардан басқа, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады:
  - 1) заң шығарушы актілермен қарастырылған жағдайларда Қоғамның бір акционеріне ұсынылатын акциялар бойынша дауыстардың шекті санын шектеу;
  - 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезіндегі шоғырландырумен дауыс беру;
  - 3) жалпы жиналыста дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын жүргізудің шаралық сұрақтары бойынша бір дауыстан ұсыну.
2. Шоғырландырылған дауыс беру кезінде акция бойынша ұсынылатын дауыстар Қоғам акционерімен Қоғамның Директорлар Кеңесіне мүшелікке үміткерге толық берілуі немесе Қоғамның директорлар кеңесіне мүшелікке бірнеше үміткердің арасында бөлінуі мүмкін. Ең көп дауыс жинаған үміткерлер директорлар кеңесіне сайланған болып саналады.

#### **25-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама**

1. Дауыс беру қорытындылары бойынша акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы (есеп комиссиясы) дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы құрады және қол қояды.
2. Акционердің дауыс беруге шығарылған сұрақ бойынша жеке пікірі бар болған жағдайда Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы (есеп комиссиясы) хаттамаға сәйкес жазба енгізуге тиіс. Осындай жағдайда дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаға ерекше пікір білдірген акционер де қол қояды.
3. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы құру және қол қоюдан кейін хаттамаға негіз болған бетпе-бет құпиялы және сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп таныған бюллетеньдер) хаттамамен бірге тігіледі және Қоғам мұрағатына сақтауға тапсырылады.
4. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосылуға жатады.
5. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы (есеп комиссиясы) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамадағы мәліметтердің толық және дұрыс болуына жауап береді.
6. Дауыс беру қорытындылары дауыс беру жүргізілген акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

7. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің жалпы жиналысының жабылуынан кейін 10 (он) күн ішінде акционерлердің әрбіреуіне жазбаша ескерту жолдау арқылы акционерлерге хабарланады.

#### **26-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы**

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылуынан кейін 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде жасалуы және қол қойылған болуы тиіс.
2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында келесілер көрсетіледі:
  - 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасу орны;
  - 2) жиналыс өткізу күні, уақыты және өткізу орны;
  - 3) жиналыста ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акциялары туралы мәліметтер;
  - 4) акционерлердің жалпы жиналысының қворумы;
  - 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
  - 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
  - 7) жиналыстың төрағасы (президиумы) және хатшысы;
  - 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөз сөйлеулері;
  - 9) жалпы жиналыстың күн тәртібінің дауыс беруге қойылған әрбір сұрағы бойынша акционерлердің дауыстарының жалпы саны;
  - 10) дауыс беруге қойылған сұрақтар, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
  - 11) акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер.Жалпы жиналыста қоғамның директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы ұрақты қарастыру жағдайында жалпы жиналыс хаттамасында директорлар кеңесінің таңдалған мүшесі қай акционердің өкілі екені және (немесе) директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.
3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасына келесілер қол қоюлары қажет:
  - 1) жиналыс төрағасы (президиум мүшелері) және хатшысы;
  - 2) Қоғамның есеп комиссиясының мүшелері;
  - 3) Қоғамның 10 (он) және одан артық пайыз акцияларының иелері болып табылатын және акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер.Хаттамаға қол қоюға тиісті тұлға қол қоя алмаған жағдайда хаттамаға берілген сенімхат негізінде оның өкілі қол қояды.
4. Нақты бөлімнің 3 тармағында көрсетілген қандай да бір тұлғалардың хаттама мазмұнымен келіспеуі жағдайында нақты тұлға хаттамаға қосылуға тиісті бас тарту себебін жазбаша түсіндіру ұсынып, оған қол қоядан бас тартуға құқылы.
5. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығын беретін сенімхаттармен, сонымен қатар, хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоядан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемесімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар Басқармамен сақталулары және акционерлерге танысу үшін кез келген уақытта ұсынулары тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысының хаттама көшірмесі беріледі.

#### **27-бап. Қоғамның директорлар кеңесі**

1. Директорлар кеңесі заңмен және нақты Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған сұрақтарды шешуден басқа, Қоғам қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады.
2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі сұрақтар жатады:
  - 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
  - 2) Қоғам акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
  - 3) орналастыру (сату) туралы, өндірісте, жарияланған акциялар санының шектерінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) әсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 4) Қоғаммен орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы бағаларды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 5) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
  - 6) қоғам облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;
  - 7) аудиторлық ұйым, сонымен қатар, қоғам акцияларын төлеуге берілген немесе ірі келісім заты болып табылатын мүлктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушы қызметтерін төлеу көлемін анықтау;
  - 8) Басқарманың сандық құрамын, оның құзырет мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін таңдау, сонымен қатар, олардың құзыреттерін мерзімдерінен бұрын доғару;
  - 9) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің еңбек ақысының өлшемдері мен еңбек және сыйақы беру шарттарын анықтау;

- 10) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастырудың мақсатында Басқармамен қабылданатын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде Қоғам қызметінің бағытына, Қоғамның инвестициялық және өндірістік саясатына және Қоғам активтерін шығынға жазу тәртібіне қатысты, соның ішінде қоғамның бағалы қағаздарының жазылымын және аукциондарды жүргізудің тәртібі мен шарттарын орнататын ішкі құжаттарды бекіту;
  - 11) Қоғамның өкілдіктері мен филиалдарын құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау, Қоғамның өкілдіктері мен филиалдары туралы жағдайларды бекіту;
  - 12) Қоғамның атқарушы органы жетекшісінің ұсынысы бойынша және/немесе өзіндік пікірі бойынша өкілдіктің, филиалдың жетекшісін сайлау;
  - 13) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын шамаға арттыру;
  - 14) бұрыңғы тіркеушімен жасалған шарт әрекетін доғарған жағдайда, Қоғамның тіркеушісін таңдау;
  - 15) қызметтік, саудалық немесе Заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын, Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
  - 16) қызметтік, саудалық және Қоғамның Заңмен қорғалатын басқа құпиясының сақталуын қамсыздандыру, сондай-ақ оны ашу бойынша тәртіп;
  - 17) басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысудың үлестері) он және одан көп пайызын қоғамның алуы туралы шешімді қабылдау;
  - 18) заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне қатысты қызметтің мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау, оның акцияларының (жарғылық капиталға қатысудың үлестері) 10 және одан көп пайыздары қоғамға жатады;
  - 19) ішкі аудитқызметінің өкілеттік мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісі мен мүшелерін тағайында, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару;
  - 20) ішкі аудитқызметінің ішкі тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегін төлеу мен сыйақы берудің шарттары мен мөлшерін анықтау;
  - 21) корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін анықтау, тағайындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару, сондай-ақ корпоративтік хатшыға сыйақы берудің шарттары мен лауазымдық еңбек ақының мөлшерін анықтау;
  - 22) Қоғамның талаптарды басқа тұлғаға беру туралы шешім қабылдау және ақшалай талаптарды берумен қаржыландыру (факторинг);
  - 23) Қоғамның есептік саясатын бекіту;
  - 24) үшінші тұлғалардың міндеттемелерін атқару туралы шешімді қабылдау, соның ішінде үшінші тұлғалар үшін кепілдіктер мен кепілдерді ұсыну;
  - 25) ірі келісімдерді және жасалуында қоғам мүдделі болған келісімдерді жасау туралы шешімдерді қабылдау;
  - 26) қаржылық жоспарды (бюджетті) бекіту, оған толықтырулар мен өзгертулер енгізу, оның атқарылуы туралы есептерді бекіту;
  - 27) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық есебін бекіту;
  - 28) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жылдық және тоқсандық есебін қарау және олар бойынша шешімдерді қабылдау;
  - 29) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін қалыптастыру және қарау;
  - 30) 200000 еселі айлық есептік көрсеткіштен асатын, бірақ сәйкес қаржылық жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен орнатылған 200000 еселі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын келісімдерді Қоғамның атынан жасау туралы шешім қабылдау;
  - 31) акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын, нағыз Жарғымен және Заңмен алдын ала қарастырылған басқа мәселелер.
3. Тізімі нағыз бөлімнің 2 тармағымен орнатылған мәселелер Қоғам Басқармасына шешу үшін беріле алмайды.
  4. Қоғамның Директорлар кеңесі нағыз Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді, сондай-ақ Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне қарсы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.
  5. Директорлар кеңесі міндетті:
    - 1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі мүмкін мүдделер шиеленістерін бақылауға және мүмкіндігінше жоюға, оның ішінде, қоғам меншігін құқыққа лайықты емес пайдалану және мүдделік бар келісімдерді жасау кезінде теріс пайдаланушылық;
    - 2) қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің нәтижелілігіне бақылау жасау.

#### **28-бап. Қоғамның директорлар кеңесінің құрамы**

1. Тек жеке тұлға ғана Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.
2. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері келесілерден сайланады:
  - 1) Қоғам акционерлері – жеке тұлғалар;

- 2) акционерлердің мүдделерін ұсынушылар ретінде Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалар табылады;
- 3) басқа тұлғалар (нағыз бөлімнің 3 тармағымен орнатылған шектеуді ескереді).  
Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады. Акционер оған тиесілі акциялар бойынша бір кандидат үшін толығымен беруге немесе оларды Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидатқа бөліп беруге құқылы. Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған болып, көп дауыс жинаған кандидат есептеледі. Егер Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан көп кандидат бірдей дауыс жинаса, ол кандидаттардың қатынасында қосымша дауыс беру жүргізіледі.
3. Директорлар кеңесінің мүшесі болып, Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің мүдделерін ұсынатындар ретінде директорлар кеңесінде сайлауға ұсынылмаған жеке тұлға сайлануы мүмкін. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының бес пайызынан аспауы тиіс.
4. Қоғам Басқармасының Мүшелері, оның Төрағасынан басқалары, Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Басқармасының Төрағасы Қоғам Директорлар кеңесінің Төрағалығына сайлана алмайды.
5. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде алты адамды құрайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің кемінде үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

### **29-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері өкілеттіктерінің мерзімі**

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен алдын ала қарастырылмаса, шексіз рет қайта сайлана алады.
2. Қоғамның Директорлар кеңесі өкілеттілігінің мерзімі акционерлердің жалпы жиналысымен орнатылады.  
Қоғамның Директорлар кеңесі өкілеттілігінің мерзімі Қоғамның жаңа Директорлар кеңесін сайлау өткізілетін, акционерлердің жалпы жиналысын жүргізу сәтінде аяқталады.
3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзіміне дейін доғаруға құқылы.
4. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзіміне дейін доғару, Қоғамның Директорлар кеңесіне берілген жазбаша ескертудің негізінде жүзеге асырылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, Қоғамның Директорлар кеңесінің аталған ескерту алынған сәттен бастап доғарылады.
5. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын доғарған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады, сонымен қатар, директорлар кеңесіне қайта сайланған мүшенің өкілеттігі Директорлар кеңесі өкілеттігінің аяқталу мерзімімен тұтастай бір уақытта аяқталады.

### **30-бап. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы**

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен, оның мүшелерінің арасынан сайланады (қайта сайланады).  
Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің Төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.
2. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырысын жүргізеді, сонымен қатар, нағыз Жарғымен анықталған басқа функцияларды жүзеге асырады.
3. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функциясын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

### **31-бап. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру**

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы, оның Төрағасының бастамасы бойынша немесе Қоғам Басқармасының талабы бойынша шақырылуы мүмкін:
  - 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесімен;
  - 2) Қоғамның аудитын жүзеге асыратын аудиторлық ұйыммен;
  - 3) ішкі аудит қызметтерімен;
  - 4) ірі акционермен.
2. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібінен тұратын сәйкес жазбаша хабарламаны жіберу арқылы ұсынылады.  
Директорлар кеңесі төрағасы отырысты шақыртудан бас тартқан жағдайда, бастамасы аталған талаппен Директорлар кеңесі отырысын шақыруға міндетті Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы.  
Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің төрағасымен немесе Басқармамен шақыру туралы талап түскен күннен бастап, 10 (он) күннен кешіктірілмей шақыртылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы оны шақыру туралы талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақырумен жүргізледі. Директорлар кеңесі отырысы хаттамасының көшірмесі отырысты шақырудың бастамашысына отырысты жүргізген сәттен бастап, 7 (жеті) күннің ішінде міндетті түрде бағытталады.

2. Директорлар кеңесінің мүшесі оның Директорлар кеңесі отырысына қатыса алмайтындығы туралы Қоғам Басқармасын ертерек хабарлар етуге міндетті.

### **32-бап. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы**

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын жүргізуге арналған кворум Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.  
Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны нағыз Жарғымен алдын ала қарастырылған кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Қоғамның директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Қоғам акционерлерінің осындай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.
2. Қоғамның Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көп дауысымен қабылданады, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен алдын ала қарастырылмаса.  
Дауыстар тең болған кезде, Қоғам Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.
3. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жалпы отырысын жүргізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
4. Директорлар кеңесі нағыз Жарғымен орнатылған тәртіпте Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдай алады.
5. Қоғамның Директорлар кеңесінің оның күндізгі тәртіпте жүргізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен рәсімделеді, ол отырысты жүргізген күннен бастап 3 (үш) күннің ішінде Директорлар кеңесі хатшысымен және отырыста төрағалық еткен тұлғамен құрастырылуы және қол қойылуы, сондай-ақ келесілерден тұруы тиіс:
  - 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
  - 2) отырыстың жүргізудің күнінен, уақытынан және орнынан;
  - 3) отырысқа қатысатын тұлғалар туралы мәліметтерден;
  - 4) отырыстың күн тәртібінен;
  - 5) дауыс беруге қойылған мәселелерден және олар бойынша дауыс берудің қорытындыларынан;
  - 6) қабылданған шешімдерден;
  - 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа мәліметтерден.
6. Директорлар кеңесінің Хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді және Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен және мөрдің оттискісімен куәландырылған шешіммен танысу және (немесе) оған хаттамадан көшірме беру үшін ұсынуға міндетті. Директорлар кеңесі отырысының хатшысы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында бейнеленген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді.
7. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе қоғамның директорлар кеңесімен қабылданған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі қоғам жарғысымен және Заңмен орнатылған тәртіпті бұзуда оны сот тәртібінде қарауға құқылы.
8. Акционер қоғамның директорлар кеңесінің Заңның немесе нағыз жарғының талаптарын бұзумен қабылданған шешімін сотта қарауға құқылы, егер аталмыш шешіммен Қоғамның осы акционерінің және (немесе) қоғамның заңды мүдделері мен құқықтары бұзылса.

### **33-бап. Сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің шешімін қабылдау тәртібі**

1. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Қоғамның директорлар кеңесінің шешімі жазбаша түрде рәсімделуі және Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысымен және төрағасымен қол қойылуы тиіс.  
Сырттай дауыс беру арқылы шешу, орнатылған мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданған деп және онда директорлар кеңесі мүшелерінің қолдары болған кезде, рас беп танылады.  
Шешімді рәсімдеген күннен бастап, жиырма күннің ішінде, аталмыш шешім қабылданған бюллетеньдердің негізінде олардың көшірмелерін қоса ұсынып, директорлар кеңесінің мүшелеріне корпоративтік хатшымен бағытталуы тиіс.
2. Сырттай дауыс беруді жүргізген кезде, бірыңғай қалыптағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне таратылады (беруледі).  
Сырттай дауыс берудің бастамашысы сырттай дауыс берудің нәтижесіне әсер ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне таңдаулы түрде бағыттауға құқығы жоқ.

3. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень оның жүргізілуі туралы хабарлаумен сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды есептеу күніне дейін 5 (бес) күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне бағытталуы тиіс. Құжаттарды алдын ала оқуды талап етпейтін мәселелер бойынша, бюллетень Директорлар кеңесінің мүшелеріне дауыстарды есептеу күніне дейін 3 (үш) күннен кешіктірілмей бағытталына алады.
4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень келесілерден тұруы тиіс:
  - 1) Қоғам Бақсрамасының толық атауынан және орналасқан жерінен;
  - 2) сырттай дауыс берудің бастамашысы туралы мәліметтерден;
  - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың ақырғы күнінен;
  - 4) сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу күнінен;
  - 5) сырттай дауыс беруге шығарылған мәселелерден;
  - 6) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің қалыбынан;
  - 7) Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған әр мәселе бойынша «иә», «жоқ», қалыс қалу» сөздерімен айқындалған дауыс берудің нұсқалары;
  - 8) әр мәселе бойынша сырттай дауыс берудің тәртібін (бюллетеньді толтыру) түсіндіру.
5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесімен қол қойылған болуы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің қолы жоқ бюллетень жарамсыз деп есептеледі.  
Дауыстарды есептеген кезде Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бюллетеньде анықталған дауыс берудің тәртібі сақталған мәселелері бойынша дауыстары ескеріледі және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының тек біреуі ғана белгіленген.
6. Сырттай дауыс берудің қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады.

#### **34-бап. Қоғамның атқарушы органы – Басқарма**

1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық ету Қоғамның атқарушы органымен жүзеге асырылады. Қоғамның атқарушы органы – Басқарма, коллегиялық орган болып табылады. Қоғам Басқармасының сандық құрамы кемінде 3 (үш) адамды құрайды.

Басқарма Қоғамның кез келген мәселелері бойынша Қоғамның басқа лауазымды тұлғаларының және басқа органдардың құзыретін нағыз Жарғымен және заңнамалық актілермен жатқылзылмайтын шешімдерді қабылдауға құқылы.

Басқарма құны сәйкес қаржылық жылдағы республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен орнатылған 200000-еселі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын келісімдерді Қоғамның атынан жасау туралы шешімді қабылдауға құқылы; Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін атқаруға міндетті. Қоғам Қоғаммен орнатылған шектеулерді бұзып оның Басқармасымен жасалған келісімдердің растығын дауласуға құқылы, егер келісімді жасаған сәтте тараптар мұндай шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе.
2. Басқарманың мүшелері болып, оның акционерлері болып табылмайтын Қоғам қызметкерлері және акционерлер табыла алады.

Басқарма мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары және міндеттері заңнамалық актімен, нағыз Жарғымен, сондай-ақ аталған тұлға мен қоғамның арасында жасалған еңбек шартымен анықталады. Басқарма Төрағасы бар Қоғамның атынан еңбек шарты Директорлар кеңесінің төрағасымен және Директорлар кеңесімен немесе осы үшін жалпы жиналыспен уәкілдендірілген тұлғамен қол қойылуы тиіс. атқарушы органның басқа мүшелері бар еңбек шарты Басқарма Төрағасымен қол қойылады.

Атқарушы органның жетекшісі атқарушы орган жетекшісінің немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын өзі жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын алуға құқығы жоқ.

#### **35-бап. Басқарма жетекшісінің өкілеттігі**

1. Қоғам Басқармасының жетекшісі болып, оның Төрағасы табылады.

Қоғам Басқармасының Төрағасы:

  - 1) Қоғамның директорлар кеңесінің акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
  - 2) үшінші тұлғалармен қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
  - 3) Қоғамға оның үшінші тұлғалармен қатынасында оны таныстыру құқығына сенімхат береді;
  - 4) қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, орнынан ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (нағыз Заңмен орнатылған жағдайлардан басқа), оларға мадақтау шараларын және тәртіптік жазаларды қолданады, қоғамның штаттық кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақыларының мөлшерін және еңбекақыларға арнайы үстемелерді орнатады,

атқарушы органның және қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, қоғам қызметкерлері сыйақыларының мөлшерлерін анықтайды;

5) Қоғамның атынан құны сәйкес қаржылық жылдағы республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен орнатылған 200-еселі айлы есептік көрсеткіштен аспайтын келісімдерді Қоғамның атынан жасау туралы шешімді қабылдайды;

6) өзі болмаған жағдайда, өз міндеттемелерінің атқарылуын Басқарма мүшелерінің біріне артады;

7) міндеттемелерді, сондай-ақ Қоғам Басқармасы мүшелерінің арасында жауапкершілік пен уәкілеттілік саласын үлестіреді;

8) Қоғамның Директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен анықталған басқа функцияларды жүзеге асырады.

Басқарма төрағасының құзыретіне жатқызылмайтын мәселелер бойынша шешімдер Басқармамен коллегиялы түрде қабылданады.

### **36-бап. Басқарманың отырысы**

1. Қоғам Басқармасының шешімдері оның отырысында қабылданады. Басқарманың отырысы Қоғам басқармасының кез келген мүшесімен немесе оның төрағасының бастамасы бойынша шақыртылуы мүмкін.
2. Қоғам Басқармасының отырысын жүргізуге арналған кворум Басқарма мүшелерінің санының кемінде жартысын құрайды. Қоғам Басқармасын мүшелерінің жалпы саны кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, онда Басқарма Басқарманың жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Басқарманың қалған мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай отырысын шақыру туралы ғана шешімде қабылдауға құқылы.
3. Қоғам Басқармасының отырысында төрағалық ететін болып, Қоғам Басқармасының Төрағасы табылады. Ол болмаған кезде, Басқарма Басқарма мүшелерінің отырысына қатысатындардың ішінен отырыста төрағалық ететін тұлғаны сайлайды. Басқарма мүшелерінің бірі немесе Қоғам Басқармасымен анықталған басқа тұлға Басқарма отырысының хатшысы бола алады. Басқарманың әр мүшесі бір дауысқа ие. Басқарманың шешімдері отырысқа қатысатын Басқарма мүшелерінің қарапайым көп дауысымен қабылданады.
4. Басқарма өзінің жабық отырысын жүргізуге шешім қабылдауға құқылы, оған Басқарма мүшелері ғана қатыса алады. Директорлар кеңесінің мүшелері Басқарманың жабық отырысына қатысуға құқылы.
5. Басқарма нағыз Жарғымен орнатылған тәртіпте Басқарманың қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдай алады.
6. отырыста қабылданған Басқарманың шешімдері отырысты өткізген күннен бастап, 3 (үш) күннің ішінде Басқарманың хатшысымен және отырыста төрағалық еткен тұлғамен құрастырылуы және қол қойылуы, сондай-ақ келесілерден тұруы тиіс:
  - 1) Қоғам Басқармасының толық атауынан және орналасқан жерінен;
  - 2) отырысты жүргізу күнінен, уақытынан және өткізу жерінен;
  - 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтерден;
  - 4) отырыстың күн тәртібінен;
  - 5) дауыс беруге қойылған мәселелерден және олар бойынша дауыс берудің шешімдерінен;
  - 6) қабылданған шешімдерден;
  - 7) Басқарманың шешімі бойынша басқа мәліметтерден.
7. Қоғам Басқармасы отырысының хаттамалары Қоғам мұрағатында сақталады. Басқарма Хатшысы Басқарма мүшесінің талабы бойынша атқарушы орган отырысының хаттамасын және Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен және мөрдің оттискісімен куәландырылған шешіммен танысу және (немесе) оған хаттамадан көшірме беру үшін ұсынуға міндетті.

### **37-бап. Сырттай дауыс беру арқылы Басқарманың шешім қабылдау тәртібі**

1. Басқарма сырттай дауыс беру арқылы шешімдерді қабылдауға құқылы.
2. Қоғам Басқармасының сырттай отырысының шешімдері жазбаша түрде рәсімделуі тиіс және мұндай шешімдерді қабылдау үшін жеткілікті мөлшердегі Басқарма мүшелерінің қолдары болған кезде рас деп танылады.
3. Сырттай дауыс беруді жүргізген кезде, Басқармамен бекітілетін бірыңғай қалыптағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер Қоғам Басқармасының мүшелеріне таратылады. Сырттай дауыс беруді бастамашысы сырттай дауыс берудің нәтижесіне әсер ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді Қоғам Басқармасының мүшелеріне таңдаулы түрде бағыттауға құқығы жоқ.
4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень сырттай дауыс беру жүргізілетіндігі туралы хабарламамен сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды есептеу күніне дейін 2 (екі) күннен кешіктірілмей Басқарманың мүшелеріне бағытталуы тиіс. Құжаттарды алдын ала оқуды талап



етпейтін мәселелер бойынша, бюллетень Басқарма мүшелеріне дауыстарды есептеу күніне дейін 1 (бір) күннен кешіктірілмей бағытталына алады.

5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень келесілерден тұруы тиіс:
  - 1) Қоғам Бақрамасының толық атауынан және орналасқан жерінен;
  - 2) сырттай дауыс берудің бастамашысы туралы мәліметтерден;
  - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың ақырғы күнінен;
  - 4) сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу күнінен;
  - 5) сырттай дауыс беруге шығарылған мәселелерден;
  - 6) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің қалыбынан;
  - 7) Қоғамның директорлар кеңесінің қарауына шығарылған әр мәселе бойынша «иә», «жоқ», қалыс қалу» сөздерімен айқындалған дауыс берудің нұсқалары;
  - 8) әр мәселе бойынша сырттай дауыс берудің тәртібін (бюллетеньді толтыру) түсіндіру.
6. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Қоғамның Басқарма мүшесімен қол қойылған болуы тиіс.

Қоғамның Басқарма мүшесінің қолы жоқ бюллетень жарамсыз деп есептеледі.  
Дауыстарды есептеген кезде Қоғамның Басқарма мүшелерінің бюллетеньде анықталған дауыс берудің тәртібі сақталған мәселелері бойынша дауыстары ескеріледі және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының тек біреуі ғана белгіленген.
7. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Басқарманың шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады.

### **38-бап. Ішкі аудит қызметі**

1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі түзіледі.
2. Ішкі аудит қызметінің жетекшісі және басқа мүшелері Қоғам Басқармасының және директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.
3. Қоғамның ішкі аудит қызметі Қоғамның директорлар кеңесіне тікелей бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.
4. Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері болып табылады:
  - 1) Қоғамның қаржылық – шаруашылық қызметінің өткізілуін және жүзеге асырылуын регламенттейтін ішкі құжаттарды Қоғамның қабылдауын қадағалау;
  - 2) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен жүзеге асырылатын операциялар мен әрекеттердің тұрақты жоспарлы және жоспардан тыс тексерістерін ұйымдастыру;
  - 3) Қоғамның жеке қызметкерлерінің және құрылымдық бөлімшелердің жұмысындағы барлық анықталған бұзушылықтар мен жетіспеушіліктер туралы Қоғамның директорлар кеңесін ақпараттандыру;
  - 4) Қоғам жұмысындағы анықталған бұзушылықтар мен жетіспеушіліктерді жою, сондай-ақ шаралардың нақты тізімін көрсетіп, Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру мен жақсарту бойынша ұсыныстарды Қоғамның жетекшілігіне ұсыну.
5. Ішкі аудит қызметінің өкілеттігіне кіреді:
  - 1) мерзімді жоспарлы және жоспардан тыс тексерістерді жүзеге асыру арқылы Қоғамның ішкі құжаттарына және әрекет етуші заңнаманың талаптарына Қоғаммен жасалатын операциялармен әрекеттердің сәйкестілігін тексеру;
  - 2) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін қажет бухгалтерлік және басқа қаржылық-шаруашылық құжаттарды алу және тексеру;
  - 3) Қоғамның кез келген тұрғынжайына кедергісіз кіру (кірудің шектелген тұрғынжайларға атқарушы орган жетекшісінің жазбаша рұқсатымен кіру);
  - 4) ішкі аудит міндеттемелерін шешу Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері қажет болған кезде тарту;
  - 5) сәйкес негіздер болған кезде, Қоғамның кейбір операцияларын тоқтата тұру (оның құрылымдық филиалдарының) немесе өзіннің функционалдық міндеттемелерін бұзған Қоғам қызметкерлерін өз міндеттемелерін орындаудан шеттетуді қажеттілігі туралы Қоғамның директорлар кеңесін ақпараттандыру.
6. Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен мүшелері жоғары білімге, қаржылық және азаматтық заңнаманың негіздеріне, сондай-ақ олармен орындалатын функциялардың сипатына сәйкес кәсіби дағдылар мен біліктілікке ие болуы тиіс.

Қоғам қызметкерлері Қоғамның ішкі аудит қызметі Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырған кезде, көмек көрсетуге міндетті.

### **39-бап. Корпоративтік хатшы**

1. Корпоративтік хатшы – Қоғам Басқармасының немесе Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Қоғам қызметкері, Директорлар кеңесімен тағайындалады және Директорлар кеңесіне есеп береді.

2. Корпоративтік хатшының қызметі мен құзыреті Директорлар кеңесімен және Қоғамның басқа ішкі құжаттарымен орнатылған тіртіпте бекітілетін Корпоративтік хатшы туралы Жағдаймен анықталады.
3. Қоғам мен Корпоративтік хатшының арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, нағыз Жарғымен және Қоғамның Басқарма Төрағасы мен Корпоративтік хатшының арасында жасалатын еңбек шартымен реттеледі.

#### **40-бап. Қоғамның лауазымды тұлғалары**

1. Қоғамның лауазымды тұлғасы болып, Басқарма мен Директорлар кеңесінің мүшелері табылады.
  2. Қоғамның лауазымды тұлғаларының қызмет принципі Заңмен анықталған.
  3. Қоғамның лауазымды тұлғалары акционерлер мен қоғамның алдында олардың әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігімен келтірілген зиян үшін, сондай-ақ келесілердің нәтижесінде шығынға әкелген шығындарды қосқанда, бірақ олармен шектелмей, Қазақстан Республикасының заңдарымен орнатылған жауапкершілікті алады:
    - 1) жалған ақпарат бергені үшін немесе жаңылысуға әкелген ақпаратты бергені үшін;
    - 2) нағыз Заңмен орнатылған ақпаратты ұсыну тәртібін бұзғаны үшін;
    - 3) ірі келісімдерді және (немесе) олардың ықпалсыз әрекеттерінің және (немесе) әрекетсіздігінің нәтижесінде қоғамда шығынның пайда болуына әкелген мүдделілік бар келісімдерді жасау туралы шешім қабылдауға және (немесе) жасауға ұсыныстар, соның ішінде қоғаммен мұндай келісімдерді жасаудың нәтижесінде өздеріне немесе оларды аффилиирленген тұлғаларына пайданы (табысты) алу мақсатында.Нағыз Заңмен және (немесе) қоғам жарғысымен алдын ала қарастырылған жағдайларда акционерлердің жалпы жиналысымен ірі келісімді және (немесе) мүдделілік бар келісімді жасау туралы шешім қабылдау оларды жасауды ұсынған лауазымды тұлғаны немесе оның мүшесі болып табылатын қоғам органының отырысында ықпалсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды тұлғаны жауапкершіліктен босатпайды, соның ішінде өздерінің немесе олардың аффилиирленген тұлғаларының пайданы (табысты) алу мақсатында, егер оларды атқарудың нәтижесінде қоғамға зияндар келтірілсе.
  4. Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес немесе одан да көп пайыздарына ие (жиынтық ие) акционер (акционерлер) немесе акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде Қоғам өз атынан қоғамға олардың келтірген шығындарды немесе қоғамға келтірілген зияндарды өтеу туралы лауазымды тұлғаға талаппен сотқа жүгінуге, сондай-ақ лауазымды тұлғаның және (немесе) оның аффилиирленген тұлғаларының қоғамда шығынның пайда болуына әкелген мүдделілік бар келісімдерді және (немесе) ірі келісімдерді жасау (жасауға ұсыныс) туралы шешімді қабылдаудың нәтижесінде алынған пайдасын (табысын) қоғамға қайтаруын талап етуге құқылы.
  5. Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес немесе одан да көп пайыздарына ие (жиынтық ие) акционер (акционерлер) немесе акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде Қоғам өз атынан осы үшінші тұлға мен қоғамның жасалған келісімінің нәтижесінде қоғамға келтірілген зияндарды қоғамға өтеу туралы үшінші тұлғаға және (немесе) қоғамның лауазымды тұлғасына талаппен сотқа жүгінуге құқылы, егер мұндай келісімді жасаған және (немесе) жүзеге асырған кезде, қоғамның лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен келісіп, Қазақстан Республикасы Заңнамасының, қоғамның жарғысының және ішкі құжаттарының немесе оның еңбек шартының талаптарын бұзып әрекет етсе. Осындай жағдайда аталған үшінші тұлға және қоғамның лауазымды тұлғасы мұндай шығындарды қоғамға өтеу кезінде қоғамның ортақ жауапкершілікті борышкерлері ретінде шығады.

Сот органдарына жүгінгенге дейін дауыс беруші акцияларының бес немесе одан да көп пайыздарына ие (жиынтық ие) акционер (акционерлер) қоғамның лауазымды тұлғаларымен келтірілген шығындарды қоғамға өтеу және директорлар кеңесінің отырысында мүдделілік бар келісімдерді және (немесе) ірі келісімдерді жасау (жасауға ұсыныс) туралы шешімді қабылдаудың нәтижесінде алынған пайдасын (табысын) қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының қоғамға қайтаруы туралы талаппен қоғамның директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы нағыз тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген жүгінуге түскен күннен бастап, он күнтізбелік күннен кешіктірмей мерзімінде директорлар кеңесінің күндізгі отырысын шақыруға міндетті.
- Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес немесе одан да көп пайыздарына ие (жиынтық ие) акционер (акционерлердің) жүгінуге бойынша директорлар кеңесінің шешімі, отырысты жүргізген күннен бастап, үш күнтізбелік күннің ішінде оның (олардың) танысуына дейін жеткізіледі. Директорлар кеңесінің аталмыш шешімін алған соң немесе оны нағыз тармақпен орнатылған мерзімде алмаған кезде, қоғамның дауыс беруші акцияларының бес немесе одан да көп пайыздарына ие (жиынтық ие) акционер (акционерлер) аталмыш мәселе бойынша қоғамның директорлар кеңесінің төрағасына акционерлердің жүгінгендігін растайтын құжаттар болған кезде қоғамның мүдделерін қорғауға сотқа өз атынан талаппен жүгінуге құқылы.

6. Қоғамға оның атқаруының нәтижесінде зиян келтірілген келісімді жасауға және келісімді жасауды ұсынған мүдделі болған лауазымды тұлғаны қоспағанда қоғамның лауазымды тұлғалары келесі жағдайларда жауапкершіліктен босатылады, егер дәлелді себептер бойынша дауыс беруге қатыса алмаған немесе акционердің немесе қоғамның шығынға ұшырауына әкелген қоғам органымен қабылданған шешімге қарсы дауыс берсе.  
Лауазымды тұлға коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде пайда болған шығындарды өтеуден босатылады, егер ол шешімді қабылдау сәтіне өзекті (тиісті) ақпаратың негізінде қоғамның лауазымды тұлғаларының нағыз Заңмен орнатылған қызмет принциптерін тиісті түрде сақтап әрекет еткені дәлелденген болса және мұндай шешім қоғамның негізді мүддесі болып есептелінсе.
7. Коммерциялық немесе басқа ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы немесе экономикалық қызмет саласында меншікқарсы қылмыс жасауда сотпен кінәлі деп танылған, сондай -ақ аталған қылмыстарды жасағаны үшін ақтауға жатпайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған қоғамның лауазымды тұлғалары заңмен орнатылған тәртіпте сотталғандығы шешілген немесе өтеген күннен бастап бес жылдың ішінде қоғамның лауазымды тұлғасының, сондай -ақ акционерлердің жалпы жиналысының өкілінің міндеттерін атқара алмайды.
8. Егер қоғамның қаржылық жағдайы қоғамның қаржылық жағдайын бұрмалаған жағдайда, қоғамның аталған қаржылық есебіне қол қойған қоғамның лауазымды тұлғалары, осының нәтижесінде материалдық шығын келтірілген үшінші тұлғалардың алдында жауапты болады.

#### **41-бап. Қоғамның аффилирленген тұлғалары**

1. Қоғамның аффилирленген тұлғалары Заңға сәйкес анықталады.  
Қоғам осы тұлғалармен немесе қоғамның тіркеушісімен ұсынылатын мәліметтердің негізінде өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін жүргізеді.
2. Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғалары келесілерден тұратын, қағаз және электронды тасымалдаушылардағы өзінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсынуға міндетті:  
Жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын кәуландыратын құжаттық мәліметтер және тұратын жері, туған күні туралы мәліметтерден, аффилирленгендікті мойындауға арналған негіздерден, аффилирленгендіктің пайда болу күнінен;  
Занды тұлғалар үшін – толық атауы, занды тұлғаны тіркеудің мемлекеттік нөмірі мен күнінен, пошталық адресінен, нақты тұратын жерінен, аффилирленгендікті мойындауға арналған негіздерден, аффилирленгендіктің пайда болу күнінен.
3. Қоғам Басқармасы Қоғамның лауазымды тұлғалары мен акционерлерне ұсынылған ақпаратты жалпыландыруға және Қазақстан Республикасының қаржылық ұйымдары мен қаржылық нарықтарын қадағалау мен реттеу бойынша агенттігіне есепті уақтылы өткізуге міндетті.
4. Аффилирленген тұлғалар туралы ақпарат акцияны алған күннен бастап (қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шартын жасау) немесе тұлғаларды аффилирленген деп тануға арналған негіздердің пайда болу (айрылу) күнінен бастап 7 (жеті) күннің ішінде акционерлерге және қоғамның аффилирленген тұлғаларына ұсынылады.  
Қоғамның акционерлері және лауазымды тұлғалары есептік жылдың 7 қаңтар, 1 сәуір, 7 шілде және 7 қазан мерзімінен кешіктірмей есептік жылдың 7 қаңтарындағы, 1 сәуіріндегі, 7 шілдесіндегі және 7 қазанындағы жағдай бойынша өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді сәйкесінше ұсынуға тиіс.

#### **42-бап. Ірі келісім**

1. Ірі келісім болып танылады:
  - 1) келісім немесе өзара байланысқан келісімдердің жинағы, олардың нәтижесінде Қоғам активтері құнының жалпы өлшемінен 25 (жиырма бес) және одан көп пайызын құрайтын мүлік алынады немесе иелігінен шығарылады (алынуы немесе иелігінен шығарылуы мүмкін);
  - 2) келісім немесе өзара байланысқан келісімдердің жинағы, олардың нәтижесінде Қоғаммен оның орналастырылған бағалы қағаздары сатып алынуы немесе Қоғамның одан сатып алынған бағалы қағаздары орналастырылған бір түрлі бағалы қағаздардың жалпы санынан бес немесе одан көп пайыздық мөлшерде сатылуы мүмкін.
2. Өзара байланысқан болып табылады:
  - 1) бір мүлікті алудың немесе иеліктен шығарудың қатынасында өзара аффилирленген тұлғалардың тобымен немесе бір тұлғамен жасалатын бірнеше келісімдер;
  - 2) өзара байланысқан бір немесе бірнеше шарттармен рәсімделетін келісімдер;
  - 3) акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен немесе жарғымен өзара байланысқан деп танылатын басқа келісімдер.
3. Қоғамның ірі келісімді жасауы:
  - 1) Қоғамның ірі келісімді жасауы туралы шешім директорлар кеңесімен қабылданады.

Несие берушілер мен акционерлердің ақпараттандыру мақсатында қоғамның ірі келісімді жасауы туралы шешімді директорлар кеңесі қабылдаған соң бес жұмыс күнінің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына мемлееттік және басқа тілдерде келісім туралы жариялауға міндетті.

2) Заңмен орнатылған тәртіпте қабылданған ірі келісімді жасау туралы қоғамның шешімімен келіспеген жағдайда, акционер Заңмен орнатылған тәртіпте оған тиесілі акцияларды қоғамның сатып алуын талап етуге құқылы.

#### **43-бап. Қоғамның қаржылық есебі**

1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізу және Қоғамның қаржылық есебін ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының қаржылық есеп пен бухгалтерлік есеп туралы заңнамасымен орнатылады.

#### **44-бап. Қоғамның жылдық қаржылық есебі**

1. Басқарма өткен жыл үшін жылдық қаржылық есепті акционерлердің жалпы жиналысына жыл сайын ұсынады, оның аудиты Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес, оны талқылау және бекіту үшін жүргізілген. Басқарма қаржылық есептен басқа жалпы жиналыста аудиторлық есепті ұсынады.
2. Қоғамның жылдық қаржылық есебі акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу күніне дейін 30 (отыз) күн бұрын кешіктірілмей Қоғамның директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады. Қоғамның жылдық қаржылық есебін қорытынды бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.
3. Қоғам капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті және пайда мен шығындар туралы есепті уәкілетті органмен орнатылған мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын жариялауға міндетті. Қоғам басқа қаржылық есепті қосымша жариялауға құқылы.

#### **45-бап. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің аудиты**

1. Қоғам жылдық қаржылық есептің аудитын жыл сайын жүргізуге міндетті.
2. Қоғамның ағымдағы қаржылық есебінің аудиты Директорлар кеңесінің, Қоғам есебінен Басқарманың бастамасы бойынша немесе ірі акционердің есебінен оның талабы бойынша жүргізіле алады, сонымен қатар ірі акционер аудиторлық ұйымды өз бетімен анықтауға құқылы. Ірі акционердің талабы бойынша аудитты жүргізген жағдайда, қоғам аудиторлық ұйыммен сұралатын барлық қажет құжаттарды (материалдарды) ұсынуға міндетті.
3. Егер Басқарма қоғамның аудитын жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

#### **46-бап. Қоғамның ақпаратты ашуы**

1. Қоғам Ғаламтор желісінде WEB – сайтында ([www.kazrail.kz.](http://www.kazrail.kz)) өзінің қызметі туралы ақпаратты жариялайды.
2. Қоғам акционерлерінің мүдделеріне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты өз акционерлерінің мәлімдеуіне дейін жеткізуге міндетті.
3. Қоғам акционерлерінің мүдделеріне қатысты ақпарат болып танылады:
  - 1) директорлар кеңесімен және акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер және қабылданған шешімдерді атқару туралы ақпарат;
  - 2) акцияларды және басқа бағалы қағаздарды Қоғамның шығаруы және қоғамның бағалы қағаздарын орналастырудың қорытындылары туралы есептерді, қоғамның бағалы қағаздарын өтеудің қорытындылары туралы есептерді уәкілетті органның бекітуі, Қоғамның бағалы қағаздарын уәкілетті органның жоюы;
  - 3) қоғамның ірі келісімдерді және қоғамның мүдделілігі бар келісімдерді жасау;
  - 4) Қоғам активтерінің бес немесе одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;
  - 5) Қоғамның өзіндік капиталының мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын өлшемдегі қарызды Қоғамның алуы;
  - 6) Қоғамның қызметтердің қандай да түрлерін жүзеге асыруға лицензия алуы, қызметтердің қандай да түрлерін жүзеге асыруға қоғаммен бұрын алынған лицензиялардың әрекетін тоқтата тұру немесе доғару;
  - 7) Қоғамның заңды тұлғаның мекемесіне қатысуы;
  - 8) Қоғамның мүлкін тәркілеу;
  - 9) нәтижесінде теңгерімдік құны Қоғам активтерінің жалпы көлемінен он және одан артық пайызды құрайтын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы;
  - 10) Қоғамды және оның лауазымдық тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
  - 11) сотта корпоративтік талас туралы іс қозғау возбуждение;

- 12) Қоғамды мәжбүрлі қайта құру туралы шешімдер;
  - 13) жарғыға сәйкес акционерлер мүдделерін қозғайтын басқа ақпарат
4. акционерлердің мүдделерін қозғайтын Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну, Қоғам акционердәін жүгінуін алған күннен бастап, 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде акционерлерді жазбаша ескерту арқылы жүзеге асырылады. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді жүзеге асырады.
  5. Заңға және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті жариялауға жататын ақпаратты жариялау үшін, Қоғам мен оның акционерлері пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары болып, «Егемен Қазақстан немесе Казахстанская правда» газеті табылады.
  6. Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша соттың сәйкес хабарламасын (шақыруын) қоғам алған күннен бастап жеті жұмыс күнінің ішінде акционерлерге ұсынылуы тиіс.

#### **47-бап. Қоғам құжаттары**

1. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттар Қоғамның орналасу жері бойынша, оның қызмет етуінің бүкіл мерзімінің ішінде қоғаммен сақталуға жатады. Келесі құжаттар сақтауға жатады:
  - 1) Қоғамның жарғысы, оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
  - 2) Қоғам құрушылары жиналыстарының хаттамалары;
  - 3) құрылтай шарты (жалғыз құрушының шешімі), құрылтай шартына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар (жалғыз құрушының шешімі);
  - 4) Қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
  - 5) Қоғамның қызметтің белгілі түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі әрекеттерді жасауына лицензиялар;
  - 6) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналыстарының хаттамалары, акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар;
  - 7) жалпы жиналысты жүргізу үшін ұсынылатын акционерлердің тізімдері;
  - 8) Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстардың шешімдері), Қоғамның директорлар кеңесінің күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар;
  - 9) Басқарма отырыстарының хаттамалары (шешімдері);
  - 10) сәйке органдарға ұсынылатын Қоғамның қаржылық есебі;
  - 11) Қоғамның балансында болатын (болған) мүлікке қоғамның құқығын растайтын құжаттар;
  - 12) аудиторлық есептер;
  - 13) Қоғамның мүлкін бағалау туралы бағалаушылардың есептері;
  - 14) Қоғамның ішкі құжаттары;
  - 15) Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың проспектілері;
  - 16) Қоғамның бағалы қағаздарын шығаруды мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттар, бағалы қағаздарды жою, сондай-ақ уәкілетті органға ұсынылған Қоғамның бағалы қағаздарын өтеудің және орналастырудың қорытындылары туралы есептерді бекіту;
  - 17) Қоғамның филиалдары мен өкілеттіктері туралы жағдайлар;
  - 18) корпоративтік басқару кодексі ол болған кезде;
  - 19) Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған басқа құжаттар.
2. Қоғам акционердің талабы бойынша мұндай талап түскен күннен бастап, 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей еан мерзімді түрде нағыз бөлімнің 1 тармағында қарастырылған құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, жүгіну және конверттеу мәселелерін регламенттейтін құжаттардан басқа, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпаратты ұсынуға Қоғамның Директорлар кеңесінің шектеулер енгізуіне рұқсат беріледі.

Акционер құжаттарды өз қолымен алады немесе олар тапсырыс хатымен оған пошта бойынша жіберіледі.

Акционер құжаттардың көшірмелерін және оларды жеткізумен байланысты шығындарды өзі төлейді.
3. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпараттан тұратын қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, жүгіну және конвертациялаудың жеке мәселелерін регламенттейтін құжаттар, акционерге оның талабы бойынша танысу үшін ұсынылуы тиіс.

#### **48-бап. Еңбек қатынастары**

1. Қоғам мен оның қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Директорлар кеңесімен қабылданатын нормативтік құжаттармен, бұйрықтармен және Басқарма Төрағасымен шығарылатын нұсқаулықтармен, Қоғам қызметкерлерімен жасалатын еңбек шарттарымен және нағыз жарғымен реттеледі.

**49-бап. Қоғамды қайта құру және тарату**

1. Қоғамды қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**50-бап. Дауларды шешу**

1. Қоғам акционерлерінің арасында оның қызметінің барысында пайда болатын даулар акционерлердің жалпы жиналыстарында қарастырылады. Оларды жалпы жиналыстарда шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының сот органдарына берілуі мүмкін.

**51-бап. Қорытынды жағдайлар**

1. Егер нағыз жарғының қандай да жағдайы жарамсыз болса, онда бұл қалған жағдайлардың жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз жағдай Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына жауап беретін басқараны ауыстырылады.
2. Нағыз жарғыға барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде рәсімделеді және тіркеу немесе айта тіркеу үшін Қазсқан Республикасының сәйкес мемлекеттік органдарына ұсынылады (егер мұндай тіркеу/қайта тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша талап етілсе) және нағыз жарғының ажырамас бөлігі болып табылады.

Акционерлердің жалпы жиналысымен уәкілдендірілген тұлға:

**Басқарма Төрағасы**

**Кажибаяв А.С.**

*Кажибаяв А.С.*



*А.С. Кажибаяв*

УТВЕРЖДЕН  
решением Общего собрания акционеров  
от 30 января 2012 года

**Устав  
акционерного общества  
"Досжан темир жолы (ДТЖ)"**

город Алматы, 2012 год

## **Статья 1. Общие положения**

1. Настоящий устав акционерного общества "Досжан темир жолы (ДТЖ)" (далее – Общество) определяет его наименование, место нахождения, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.
2. Полное наименование Общества:  
на государственном языке: "Досжан темир жолы (ДТЖ)" акционерлік қоғамы;  
на русском языке: акционерное общество "Досжан темир жолы (ДТЖ)".
3. Сокращенное наименование Общества:  
на государственном языке: "Досжан темир жолы (ДТЖ)" АҚ;  
на русском языке: АО "Досжан темир жолы (ДТЖ)".
4. Место нахождения исполнительного органа Общества (Правление): 050000, Республика Казахстан, город Алматы, Алмалинский район, ул. Желтоқсан, 118.

## **Статья 2. Юридический статус Общества**

1. Общество создано для реализации проекта по строительству и эксплуатации железной дороги "Станция Шар – Усть-Каменогорск", предусмотренного Стратегическим планом развития Республики Казахстан до 2010 года, утвержденным Указом Президента Республики Казахстан от 4 декабря 2001 года № 735.
2. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, другими законодательными и подзаконными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, настоящим Уставом.
3. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, собственное имущество, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.
4. Общество несет ответственность по своим обязательствам своим имуществом, на которое может быть обращено взыскание в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
5. Имущество Общества обособлено от имущества его акционеров. Общество не отвечает по обязательствам своих акционеров. Акционер не отвечает по обязательствам Общества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.
6. Общество имеет печать с указанием своего наименования, товарный знак, символику, эмблему, штампы и бланки.
7. Общество вправе создавать филиалы и представительства.
8. Филиалы и представительства Общества не являются юридическими лицами и осуществляют свою деятельность на основе соответствующих положений, утверждаемых Советом директоров Общества.
9. Руководство деятельностью филиала, представительства осуществляют лица, избираемые Советом директоров по собственной инициативе и/или по представлению руководителя исполнительного органа Общества. Руководитель филиала и представительства действует на основании доверенности, подписанной Председателем Правления.

## **Статья 3. Имущество Общества**

1. Имущество Общества предназначено для обеспечения деятельности Общества по строительству и эксплуатации новой железнодорожной линии, в том числе для обеспечения обязательств Общества, возникающих в результате такой деятельности.
2. Филиалы и представительства, создаваемые Обществом, обладают правом владения, пользования и управления в отношении имущества, переданного Обществом, в пределах компетенции, определенной Положением о филиале, представительстве и доверенностью, выданной руководителю филиала, представительства.

## **Статья 4. Цели и виды деятельности Общества**

1. Целью создания и деятельности Общества является строительство и эксплуатация новой железнодорожной линии "Станция Шар Усть – Каменогорск" с последующей передачей ее в государственную собственность.  
Участие и реализация в концессионных, инфраструктурных и иных проектах.
2. Видами деятельности Общества являются:  
